



БОЛАШАҚҚА АЙҚЫН ҚАДАМ ЖАСА - БІЗГЕ ОҚУҒА КЕЛ!

Еліміздің батыс өңіріндегі жетекші оқу орындарының бірі Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 1950 жылы ашылған. 1944 жылы оқу орнына көрнекті қайраткер, ғұлама ғалым Халел Досмұхамедовтың есімі берілді.

Бүгінде оқу орны 54 мамандық бойынша бакалаврлар және 34 мамандық бойынша магистрлер даярлауды жүзеге асырады. Университеттегі 6 факультет пен 24 кафедрада 500-ден астам оқытушы-профессорлар еңбек етеді, олардың 200-і ғылым докторы мен ғылым кандидаты, профессорлар мен доценттер, философия докторлары. Университеттің 5 оқу ғимараты, 3 студенттер үйі, ғылыми кітапханасы, «Жайық» мәдениет-спорт кешені, стадион, телестудия, вебинарлар мен онлайн сабақтар жазуға арналған жаңа үлгідегі студия бар.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті заман талабына сай, бәсекелестікке төтеп бере алатын білікті мамандар даярлап, білім және ғылым саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Қазіргі күні университет түлектері елімізде, шетелдерде жемісті еңбек етіп, оқу орнының мәртебесін көтеріп жүр.

Оқу орны қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым Халел Досмұхамедовтың «Мәдениетіміздің негізі – білім» деген сөзіне сай, жоғары білім жүйесіндегі орнын айқындап, қоғам талабына сай қызмет етуде.

БІЛІМНІҢ БОЛҒАН ОРДАСЫ


Болашаққа айқара ашқан есігін,
Білім іздеп, тапқан жастар несібін.
Әрбіреуі бір-бір маман боп шыққан,
Бұл іргелі білім орны есімі.
Іздгенге мамандықтың бәрі бар,
Әр өңірден мың сан жастар ағылар.
Атыраудағы жоғарғы оқу орыны,
Шын білімнің Отаны боп табылар.
Тарихы да бастау алған әріден,
Студенттер бас қосатын сәнімен.
Жастар, медиа орталығы ашылған,
Шежіресі сыр шертеді бәрінен.
70 жылдан асқан білім кенінен,
Ғалым, басшы, министр де білім ап.
Елімізге еңбек етті, тер төгіп
Ақын, дана небір мықты ұлылар.
Заңгер, физик, тарихшы мен педагог,
Мемлекеттік қызметкері тағы бар.
Тіл маманы, журналистика, философ
Экономика, экология бәрі бар.
Жан-жағына шуақ шашқан жақұттан,
Бар қымбатын тапқан алтын уақыттан.
Дәріс беріп Академик ғалымдар,
Француз, қытай, ағылшын тілін оқытқан.
Арманыңа жетелеумен асқарың,
Іздер болсаң шын білімнің бастауын,
Досмұхамедов есімен аталған
Жоғарғы оқу орнына кел, жастарым!

Фархат БАЛҒОЖИЕВ,

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

АТЫРАУ UNIVERSITY	
Талапкер күнтізбесі БАКАЛАВРИАТ	
20.06.2023 бастап	Ақылы оқуға мектеп, колледж түлектерінен, бірінші жоғары білімі бар азаматтардан құжат қабылдау
20.06.-07.07.	Шығармашылық емтихандарға өтініш қабылдау
08.07.-15.07.	Шығармашылық емтихандарды өткізу күндері
13.07.-20.07.	Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау үшін конкурсқа қатысушы үміткерлерден өтініш қабылдау мерзімі
05.08.-10.08.	Жергілікті атқару ұйымдарының, Атырау облысы әкімдігінің қаражат есебінен бөлінетін білім беру гранттарын тағайындау конкурссына қатысушы үміткерлерден өтініш қабылдау мерзімі
01.08.-10.08.	Екінші мәрте болатын ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш тапсыру (ақылы оқуға)
10.08.-20.08.	ҰБТ-ді өткізу күндері
10.08.-25.08.	Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау мерзімі
МАГИСТРАТУРА	
01.06.-15.07.2023	Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініш тапсыру күндері
20.07.-10.08.2023	КТ-ді өткізу күндері

АТЫРАУ UNIVERSITY	
Календарь абитуриента БАКАЛАВРИАТ	
С 20.06.2023	Приём заявлений от поступающих на платное обучение от выпускников школ, колледжей и первого высшего образования
20.06.-07.07.	Приём заявлений на творческие экзамены
08.07.-15.07.	Дни проведения творческих экзаменов
13.07.-20.07.	Приём заявлений для участия в конкурсе на государственный образовательный грант за счет средств РБ
05.08.-10.08.	Приём заявлений для участия в конкурсе на образовательный грант за счет средств МИО, Акимата Атырауской области
01.08.-10.08.	Приём заявлений для участия в повторном ЕНТ (на платное обучение)
10.08.-20.08.	Проведение ЕНТ (на платное обучение)
10.08.-25.08.	Зачисление на образовательные программы бакалавриата
МАГИСТРАТУРА	
01.06.-15.07.2023	Прием заявлений для участия в КТ
20.07.-10.08.2023	Проведение КТ



СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДІГІ АШЫЛДЫ

Атырау облысында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті базасында Спорттық бағдарлау федерациясының өкілдігі ашылды. Келешекте оқу орны мен Спорттық бағдарлау федерациясы арасында тығыз байланыс орнап, аймақтағы спорттық бағдарлауды дамыту мен насихаттауға бағытталған түрлі шаралар ұйымдастырылмақ. Сондай-ақ, осы сала бойынша қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру көзделіп отыр. Өкілдіктің ашылуы спорттық бағдарламалауды дамыту және дарынды бағдарламашылардың жаңа буынын даярлау сынды маңызды қадамның орындалуына жол ашады деген сенім бар.

ҒЫЛЫМНЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде жаратылыстану ғылымдары мен жылу физикасы саласының белгілі ғалымы, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нью-Йорк қоғамдық ғылым академиясының мүшесі Хайреден Сұңғатұлын еске алуға арналған дөңгелек үстел өтті.

Шарада профессордың өнегелі өмірі мен көп жылдық ұстаздық еңбегі, ғылыми жетістіктері туралы жазылған «Ғылымның дара жолы» атты кітабының тұсауқесері өтті. Естелік кітап авторы Ербол Махмұтовқа арнайы университет атынан алғыс хат табысталды.



ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Ғалым, оқытушы, инженер эколог, география ғылымдарының кандидаты, профессор-эколог, тау-кен инженері-геолог, ҚР ӨҚБТК корреспондент-мүшесі, ҚР экология саласының үздігі Махамбет Джексеновтың 65 жылдығына орай «Экология және табиғи орта» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.

Конференцияда табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудағы зерттеулердің ғылыми және практикалық нәтижелері, тиімді зерттеу бағыттарын іздестіру, ғылыми және өндірістік ұйымдардың ынтымақтастығын нығайту, жастарды ғылыми жетістіктерге тарту сынды азіргі заманғы проблемаларын талқыланды. Махамбет Құдайбергенұлы «Атырау облысындағы ядролық жарылыстар, ядролық қаруды сынау полигондарының радиоактивті изотоптармен ластану мәселелері» бойынша баяндама жасады.

Университетке - «Мінсіз» халықтық сапа белгісі



«Ұлттық тұтынушылар лигасы» акционерлік қоғамы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін мінсіз қызметі үшін «Мінсіз» халықтық сапа белгісімен марапаттап, құлқил табыстады.



«ҰСТАЗДЫҚ» ТҮЛЕКТЕРГЕ АТТЕСТАТ ТАПСЫРЫЛДЫ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жанынан құрылған дарынды ер балаларға арналған «Ұстаз» мектебінің 2023 жылғы түлектеріне жалпы білім беру туралы аттестат табыстау рәсімі өтті. Ер балалар мектебін биыл 35 оқушы тәмамдап отыр, оның ішінде Амангерей Тоғызбайұлы - «Алтын белгі» иегері. Ал Ильяс Бақыт, Бекжан Кенжебай, Серім Төлеген, Әлішер Егізбай биыл оқуда, қоғамдық өмірде көзге түсіп, «Жыл үздігі» атағымен марапатталды.

«Ұстаз» мектебін құрған себебіміз - Атырау өңірінің ауылдық жерлердегі білімді балалардың ұстаз мамадығын меңгеріп, өз елінің болашағына, білім саласына үлесін қосатын ер азаматтарды тәрбиелеу. Біз осы мақсатты абыроймен атқарып келеміз деп сенемін. Себебі, екі жыл ішінде жақсы нәтиже көрсетіп, үздік болған бітіруші түлектеріміз көп. Биылда бітіргелі отырған 35 түлек халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі додаларда топ жарды. Алдағы

уақытта да мықты маман иесі болып, биіктен көрінулеріне тілектестік білдіреміз», - деді Басқарма төрағасы-ректоры Саламат Идрисов.

Түлектерді ұлықтау және оларға аттестат тапсыру салтанаты музыкалық қойылымдармен жалғасты. Концерттік бағдарламаның төрінде бітіруші түлектер ұстаздарына деген шексіз алғыстарын әуелеген әнмен, өлең жолдарымен жеткізді.

Спортшылардан күтеріміз көп

Ақтау қаласында еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері арасында XII жазғы Универсиада өтуде. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, Yessenov University ұйымдастыруымен алғаш рет өтіп жатқан Универсиада ойындары 24 мамыр - 24 маусым аралығын қамтиды. Онда еліміздің 55 университетінен 3000-нан астам студент 17 спорт түрінен, 20 жарыс бойынша бақ сынауда.

Біздің университетіміз Универсиаданың алғашқы күнінен-ақ жақсы нәтижелермен қуантып келеді. Атырау университетінің Студенттік лигадан 4 жыл қатарынан чемпион болып келе жатқан командасы баскетболдан 1 орынды жеңіп алды. Ал ерлер волейбол командасы Қозыбаев атындағы СҚ университет командасын ұтып, жартылай финалға жолдама алды. Университеттің таэквондо құрама командасы 2 алтын, 1 күміс, 3 қола, еркін күрестен ерлер командасы 2 қола жүлдеге қол жеткізді. Алда да күтіп отырған жеңістеріміз бар, дүбірлі спорт шарасы жөнінде қорытынды есептерден кейін толық жазатын боламыз.

Айта кетейік, Ақтау универсиадасының жеңімпаздары 28 шілде - 8 тамыз аралығында Қытайда өтетін XXXI Дүниежүзілік жазғы Универсиадаға және 24-29 қыркүйекте Түркістанда өтетін II Түркі Универсиадасына қатысуға жолдама алады.

ЖАС ТАЛАНТТАР ТОП ЖАРДЫ

Ақтау қаласында «Таланттар әлемі - 2023» халықаралық көп жанрлық шығармашылық байқау-фестиваліне «Talent studio» шығармашылық орталығының оқытушысы Виолетта Тарабринаның жетекшілігімен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «музыка және өнер» кафедрасының студенттік вокалдық ансамблі шақырылды. Ансамбль құрамында «Музыкалық білім және вокалдық өнер» мамандығының 1-3 курстарынан 13 студенті бар.

«Вокалдық ансамбль» номинациясы бойынша студенттер Дж.Папулистің «ОУЕ» шығармасын орындап, Гран-при жүлдесін, байқау-фестиваль кубогын және «Talentтар Әлемі 2023» (Әзірбайжан, Өзбекстан) халықаралық шығармашылық көпжанрлық байқау-фестиваліне қатысуға сертификат жеңіп алды. Студенттер медальдармен және 1-дәрежелі лауреат дипломдарымен, ал оларды байқауға дайындап, қатыстырғаны үшін вокалдық ансамбль жетекшісі В.М.Тарабрина Алғысхатпен марапатталды.

Концерттік-камералық орындаушы мамандығының 3-курс студенті Арайлым Сергеева жеке бағдарламамен «Академиялық вокал» номинациясы бойынша М.П. Мусоргскийдің «Сорочинский жәрмеңке» операсынан «Думка параси» ариясын орындап, фестивалдің Гран-при және кубогын жеңіп алып, 1-дәрежелі Диплом және медальмен марапатталды.



АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ – МЕНИҢ МАҚТАНЫШЫМ



Досхан Қуанышұлы, инновациялық білім беру факультеті

Университетке оқуға түсер кезде шыны керек ағамның пікірін тыңдап түстім. Сол кезде дұрыс таңдау жасадым деп білемін, себебі университетке түскен жылы активисттік ортаға қосылып өзімді дамытуда үлкен қадам жасадым. Активист болып жүріп инновациялық білім беру факультетінің студенттік деканы болып сайландым. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті маған өмірлік тәжірибе, жақын достар, карьераның негізін қалап берді.

Осы оқу орнында жеткен жетістіктерім және басқа да студенттермен атқарған жұмыстар өте көп. Кез-келген студент активисттердің қатарында жүріп, көптеген жетістіктерге жете алады. Менде сондай көпшілік жұмыстарға араласып, өзімнің студенттік шағымды қызықты өткізуге тырысқандардың бірімін. Өйткені, бірнеше жыл студенттік декан болып, командамен әртүрлі жобалар ұйымдастырып және университет ішілік бірнеше концерттерді де атқарып үлгердік. Сондай-ақ, университетте өткен «Asu sultanu-2020» жарысына қатысып жүлделі орынға ие болдым.

Міне, осылай студенттік кезең жетістік пен жеңіске толы болды. Өзім білім алған оқу орнына, тұлға ретінде қалыптасуыма себепкер болғандары үшін оқытушыларға өз алғысымды білдіремін!



Азиза Насимулина, көптілді білім беру факультеті
 Мектеп қабырғасында барлық жасөспірімдер секілді мен де, бізге «үлкен өмір» сынды көрінген – студенттік шақты аңсайтын едім. Анамнан, әжемнен кезек-кезек «Студенттік өмір қандай болады? Естеріңізде қандай қызықты сәттер жатталып қалды?», – деп жиі сұрайтынмын. Үйдегілердің жау-абы әрдайым бір жерге тоғысатын, ол – «Студенттік шақ – адам өмірінің көктем мезгілі. Ең ұмытылмас, ең қимас, сағынышты естеліктерден құралған қызықты кезеңі». Бұл пікірге араға бірнеше жыл салып, менің де көзім анық жетті. Қазір мен бітіруші түлек екенімді енді сезініп келе жатқандаймын. Қорытынды емтихан, сүйікті ұстарымыздың көздеріндегі қимастық, группаластар арасындағы бауырластық, балауса балғын, қамсыз шақтарымыздың куәгері – оқу аудиториялары – барлығы да өткеннің елесіндей көп дүниені жадыда қайта жаңғыртып тұрғандай. Көзге еріксіз жас келеді... Бұл – тәтті мұң мен қуаныш араласқан сағыныш жасы.

Иә, 2019 жылы алғаш «балмұздақ» боп университетіміздің табалдырығын аттадым. Ішімде алай-дүлей сезім болды. Бұл күйдің негізгі екі себепшісі, қозғаушы күші бартын. Бірі – толқу, екіншісі

– жаңа ортаға, жаңа адамдар мен таныстыққа деген қорқыныш. Көзім жәутектеп, тобыр арасында ада-сып қалған баладай, кімнен, нені, қалай сұрарымды білмедім. Мамандықтарының нағыз шеберлері, тұлпарлары мен жүйріктері, шәкірт келешегі үшін барын, нәрін аямаған ұлағатты ұстаздар алдынан сабақ алудың өзі – зор мәртебе деп білемін.

Университет шаңырағындағы қоғамдық өмірде де белсенділік танытып, университеттің біраз шарасына қатысуға тырыстым. Ғылыми мақалалар жазып, ілім мен білімді шыңдап, жан-жақтылық танытуға барымды салдым. «Абай», «Фариза», «Әбіш», «Махамбет» оқуларынан төбе көрсетіп, бірталай әдеби-кештердің жүргізушісі де болдым. Бір сөзбен түйіндегенде – университеттің шығармашылық шаңырағына бір уық боп қаландым. Ең нәтижелі көрсеткішім, бүгінгі күнгі қызметім, сүйікті ісім – облыстық Қазақстан-Атырау телеарнасының «Тақырыптық хабарлар» бөлімінің редакторы деп білемін. Бала күнгі арманымды шындыққа айналдырып, өңіммен алмастырған, журналистика саласына жол салып, табандылық пен тапқырлыққа, талаптылық пен толық талант деңгейіне жетелеген, жарқын болашаққа жетектеген, айбынды Алаш арысының есімін иемденген – Атырау университеті саған мың алғыс, мың тағзым!

Сен мендік жастық шақтың өшпес шоқ жұлдызындай жарықсың, жақынсың, тым ыстықсың!



Айдана Сатымова, гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті

Шыны керек, оқуға түсер кезде басқа мамандықты қаладым. Бірақ ата-анамның және ұстазымның айтуымен журналистика мамандығына оқуға түстім. Уақыт өте келе журналистика саласы менікі екеніне көзім жетті. Ары қарай да осы білгеніммен шектелмей, ізденіс үстінде болып, жақсы нәтижеге қол жеткіземін деп сенемін.

Ойлап қарасам, университет маған көп мүмкіндіктер сыйлады. Өзім оқып жатқан факультетте белсенді жастар қатарында, одан кейін Әділет Сәбитов бастаған студенттік ұйымда болдым. Бірге шаралар ұйымдастырып, көптеген кездесулерге қатысып, белсенді болуға тырыстым. Одан кейін «Green way» және «Epnactus» командаларында жетекшілік етіп, тәжірибе жинадым. Жоғарғы оқы орнында жеткен жетістіктерім көп. «Абай», «Мұқағали» оқуларының жүлдегері атанып үлгердім.

Қорыта келгенде айтарым Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті маған үлкен мүмкіндіктер сыйлады. Сондықтан, егер де маған тағы бір таңдау берсе осы білім ордасын ойланбастан таңдар едім.

Гүлайхан Нұрсұлтанова, экономика және құқық факультеті

Бала шақтан жастық шаққа қадам басар алдындағы толқулардан Атырау университетін таңдауым үздік шешімім деп білемін.

Қызығымен шыжығы араласқан студенттік өмірім аяқталып Түлек болып ұшқалы отырмын. Мен университетті өзім арнайы қалап түстім, құрбыларым басқа қала, шетел асып кеткенде – мендегі жылы ұя, Атырауға деген махаббат айырбастауға келмейтін сәттер беретінін сезгенмін.

Адамзат үнемі білім алу жолында болуы шарт менің студенттік шақтағы білім алуым ерекше болды. Заманауи біліммен Атыраудың қазақилығы ұштасқан білім ордасында оқудың, белсенділікте қатар алып жүру өзім үшін мақтаныш. Университет әлеуметтенуіме, қоғаммен, халықпен қарым қатынасыма мықты әсер етті. Көп есіктерді ашты. Университетімізде республикалық деңгейдегі жобаларда ұйымдастырушы, халықаралық форумдардың қатысушысы, «Сенатор» дебат клубының президенті, Атырау студенттер Альянс мүшесі, Республикалық Үздік студент төс белгісімен



екі мәрте марапатталуым, асыл ұстаздар мен мықты орта табуым білім ордамыздың маған берген үлкен мүмкіндігі деп білемін.

Заңгер болам деген арманымды, Құқықтану мамандығына деген махаббатымды қуаттаған университет ұстаздарына алғыс айтамын. Енді халықтың құқықтық тұрғыда сауатты болуына үлес қосатын мықты құқықтанушы бар деп есептей беріңіздер.

Жаңашылдықты жолдас қылған студенттерді қолдаушы ұстаздар, мүдделестер бар университетте жетер жетістіктің көп болуы сөзсіз, сондықтан жеңісті желеу еткісі келетін жастарға өзім оқыған алтын орданы ұсынамын.

Тағы да таңдау берілсе Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетін таңдар едім.



Қадыржан Сапаров, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті

Мектеп қабырғасында 11 жыл оқып, жаңа өмір жолын бастаған әрбір жас студент үшін университет мекемесі үлкен бір қамалдай көрінеді. Балалықтың бал дәмін бірге татып өскен достарымен айырылысып, жат жерге танымайтын адамдар ортасына келу кез келген жас түлектің жүрегінде қорқыныш туғызары анық. Дәл солай мен де осыдан 4 жыл бұрын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне келген едім.

Туған жерімді, отбасымды, жақын достарымды тастап, жалғыз өзім толық танып үлгермеген қалаға, білім ордасына аяқ бастым. Басында үлкен қорқынышқа бой алдырғанмен, жаңа түскен тобымдағы балалар да өзім сияқты болып шықты. Бірден достасып кетіп, осы 4 жылда бір отбасының балаларындай болып кеттік. Қазіргі күнде соңғы курсқа келіп, артыма қарасам, өз тобымызбен талай оқиғаның куәсі болдық. Әлі есімде, АТУ табалдырығын аттаған кездегі толқынысым, алғашқы сабаққа кіргенде ұстаз алдындағы қорқыныш, болашаққа бастау, мамандықты игерудегі жауапкершілік пен түрлі-түрлі сезімдер бойымды билеп алған еді. Алайда жоғарғы білім ордасының ұстаздар қауымы осы орайда маған көп қолдау көрсетті. Жанымдағы достарым да, группаластарым да әрқашан қасымнан табылып, қол ұшын беріп жүрді. Сол үшін де ризамын.

Жалпы адам өмірінің ең қызықты шағы – жастық шақ дейді. Соның ішінде студенттік жылдарға тұспа-тұс келген шақ болса керек. Неге? Себебі адамның өмірлік кәсібін, өз мамандығын меңгеріп, арманына жол бастайтын, кейбір жастардың махаббатын не шын досын тауып жататын уақыт емес пе бұл? Дәл солай мен де өзімнің осы 4 жылдағы уақытымда көп нәрсеге ие болдым деп ойлаймын. Менің жалынды жастығымның куәсі болған қара шаңырақ ордасы.



«ЖЫЛ ҮЗДІГІ-2023»: ТАҢДАУЛЫЛАР ТОП ЖАРДЫ

Оқу жылы аяқталар тұста университетімізде әр сала бойынша оза шауып, жастық жігерін жақсы жағына жұмсап жүрген белсенді студенттерді, ғылым, білім саласында айрықша орны бар үздіктерді анықтау үшін дәстүрлі «Жыл үздігі-2023» байқауы ұйымдастырылды. Нәтижесінде байқау қатысушылары келесі аталымдар бойынша анықталды. Сонымен қатар, үздік студенттер ректор және проректор Алғыс хаттарымен де марапатталды.



«Үздік Факультет»
Экономика және құқық акультеті



«Үздік Студент» Нұрмұхан Тілеген



«Үздік Түлек» Қуандық Жұмағалиев



«Үздік Студенттік декан»
Салтанат Байтекенова



«Үздік Студенттік декан орынбасары»
Нұрбақыт Пилисбеков



«Үздік Интеллектуал»
Мәдина Қожабалуан



«Үздік Блогер»
Нұрлыгүл Ғалымжанқызы



«Үздік Жүргізуші»
Әлішер Амиров



«Үздік Стендапер»
Темірлан Муфтарихов



«Жыл Балмұздағы»
Альбина Адилова



«Үздік Жайдарманшы»
Фархат Өмірзақов



«Үздік Мобилограф» Диас Тажкенов

БЕЙБАРЫС БАБА ЖҮРГЕН ЖОЛДАРМЕН

«Тарихи танымды кеңейтуге зор үлес қосатын тағы бір маңызды сала – археология»
Мемлекет басшысының Түркістан қаласында өткен Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінен



Биыл әлемге әйгілі Әз-Зәкір Бейбарыс сұлтанның туғанына 800 жыл. Жазба деректерде Бейбарыс баба қазіргі Атырау облысының жерінде өмірге келіп, моңғол шапқыншылығы кезінде Мысыр еліне құлдыққа сатылған екен. Режиссер Болат Мансуровтың «Сұлтан Бейбарыс» фильмінен, басты рөлі жерлесіміз Нұрмұхан Жантурин сомдаған, Бейбарыс бейнесін көпшілік таниды деп ойлаймыз.

Маусым айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жас тарихшылары археологиялық практикасына барған болатынбыз. Нарын құмында өткен практиканың ұнағаны соншалық, Бейбарыс бабамыз жүрген құмды аяғымызбен басып жүргендей сезімде болдық.

Тарихшы-археолог мамандығында оқитын студенттер 1 курс соңында дәстүрлі археологиялық тәжірибеден өтеді. Археолог маманның кім және оның жұмысын білу үшін бұл практика аса қажет.

Біз, 1 курстықтар, ұстаздарымыз Амангелді Мұғауұлы, Сәкен Мирболатұлы, Гүлфайруз Қайырғалиқызы жетекшілігімен Атырау облысы Исатай ауданы Тұшықұдық ауылдық округі құрамындағы Қызылұй ауылы маңындағы аймақта практикадан сәтті өтіп келдік. Бұл практиканың мақсаты – далалық археология негізінде студенттердің білікті маман-тарихшы болып қалыптасуларына ықпал ету, археология ғылымының негіздерін түсіндіріп, өлкеміздің тарихын зерттеп, іс-жүзінде тарихи құндылықтармен таныстыру болатын. Осы кезде көптеген археологиялық нысандармен таныса алдық. Атап өтсек, Қызылұй ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 13 шақырымдағы «Бесікті қорғаны» археологиялық ескерткіші Атырау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген.

Археологиялық іс-тәжірибе тарихшы-зерттеушілердің тобын екіге бөліп, әр топқа он күн арналды. Практика мамыр айының 29-нан басталып, маусым айының 18-і күні аяқталды. Іс-тәжірибе басталуы барысында студенттер жоспармен толық танысып, жетекшілер басшылығымен Қызылұй тұрағында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді.

Әр топқа берілген 10 күн ішінде, студенттер құм шағылда барлау жасады. Археологиялық барлау жұмысының мақсаттарының бірі – тарихи көне ескерткіштерінің орнын табу, зерттеуге алу. Практика кезінде студенттердің



жұмыстарында барлау кезінде бар білімдерін қолдануы, жауапкершілікті сезінуі, ізденімпаздықтары сияқты байқалған жақсы жақтары көп болды. Археологиялық іс-тәжірибе жұмыстары керемет деңгейде ұйымдастырылды. Күннің ыстығына қарамастан, студенттер тынымсыз еңбек етіп, археологтың қиын еңбегінің қыр-сырын үйренді. Практика кезінде неолит кезінің микролиттері, жебе ұштары табылды.

Оқу практикасы пайдалы ғана емес, өте көңілді өтті деп сеніммен айта аламыз. Өйткені, біз бір отбасы бала-сындай болып, бұрынғыдан жақынырақ танысып, бос

уақытты бірге қызықты әрі көңілді етіп өткізе алдық. Қорытындылай келе, практиканың студенттердің тарихшы болып қалыптасуы үшін маңызы зор екеніне көзіміз жетті. Өйткені қазірдің өзінде оқушылар өлкеміздің тарихын өз көздерімен көріп, біліп жатыр. Археологиялық практикаға мүмкіндік берген Халел Досмұхамедов университетіне және бізге жетекшілік еткен ұстаздарға алғысымызды білдіреміз.

Лиза МАЗЛОВОВА,
«Тарихшы-зерттеуші»
мамандығының 1 курс студенті

ТУҒАН ЕЛГЕ ТАҒЗЫМ



Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» 7 сыныбының 24 оқушысы мен үш мұғалімі «Туған елге тағзым» өлкетанулық-зерттеу экспедициясы аясында университетке экскурсияға келді. Оларды ардагер ұстаз, п.ғ.к. Баянсұлу Тыныбаева, университет музейінің жетекшісі Кристина Сағдиева Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің музейімен, университеттің даму тарихымен таныстырды. Одан әрі оқушылар университеттің ғылыми кітапханасымен, «Экология» оқу-ғылыми зерттеу орталығы «Токсикология» зертханасымен және «English only space» орталығымен танысты. Мол мәлімет алып, оқу орнының бай тарихымен танысқан орендер ризашылықтарын білдірді.



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАРИХИ МҰРА



Мен жақында С.Мұқанов атындағы №10 мектепті бітіріп, журналистика мамандығына құжат тапсырдым. Арманым – журналист болып, ақпарат айдынында қызмет ету. Осы орайда, жақында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің музейінен көрген «Факель» қабырға газетінің екі саны маған ерекше әсер қалдырды. «Факель» – студенттердің өз қолдарымен жазып немесе мәшенкеге бастырып, шығармашылықтарын жарияланған журнал екен. Оның 1954 жылы мамыр айындағы №1 және 1957 жылғы қараша айындағы №7 саны сақталған. Бұл нөмірлерде жастардың өлеңдері, повесть, әңгімелері жарияланған екен. Солардың ішінен өңірден шыққан атақты ақындар 2 курс студенттері Фариза Оңғарсынованың, Нұралы Әжіғалиевтың, Өтеген Оралбаевтың өлеңдері көзге оттай басылады. Фариза Оңғарсынованың бір өлеңіне қаламсаппен түзетулер енгізіліп, бір жолдары жаңадан жазылыпты. Сірә, автордың өзі жазған сияқты. Көз алдымызға уыздай жас ақынның ары өлең жолдарын түзетіп жатқанды келеді. Осындай қолтаңбадан артық қандай тарих керек?! Бұл – келешекте журналист болам деген менің қатар-құрбыларым үшін үлкен өнеге, үлгі деген ойға келдім.

Гүлнәсіп Бисембаева,
Атырау қаласы



СТУДЕНЧЕСКИЙ ТУРИЗМ В АСТРАХАНИ

С наступлением лета многим студентам предоставляется возможность путешествовать по миру благодаря студенческому туризму! Это отличный шанс расширить свои знания в других университетах, обменяться опытом и советами, узнать больше о культуре разных стран и построить дружеские отношения со студентами за границей.

Меня зовут Дюсенгалиева Зарема, я студентка 2 курса кафедры журналистики и благодаря студтуризму мне выпала удача посетить Астрахань. Нас очень тепло встретили студенты и педагоги Астраханского Государственного Университета имени

не только по университету, но и по городу, а также мы успели побывать в Сарай-Бату и Мавзолее Курмангазы. Город оказался очень красивым по своей архитектуре, было увлекательно узнать больше о его истории создания. Нам часто устраивали прогулки и в конце даже организовали целую фотосессию! Было невероятно приятно познакомиться и стать ближе к соседней стране и городу, благодаря студенческому туризму. Мы получили бесценный опыт и целый спектр ярких эмоций! Спасибо большое нашему Атыраускому Университету им. Х. Досмухамедова и Астраханскому Государственному Университету имени



В.Н.Татищева. В университете присутствовало все для удобства и комфорта учащихся, начиная с большой библиотеки, заканчивая плавательным бассейном. Мы с группой студентов и аспирантов принимали участие в различных конкурсах, мероприятиях, открытых уроков и, конечно же, лекциях. Было невероятно интересно пообщаться со здешними преподавателями и студентами. Отдельно хочется отметить, что учащиеся здесь оказались очень активными ребятами и мы отлично провели время вместе с ними на экскурсиях. Нас проводили

В.Н.Татищева! Надеюсь, что наши отношения с этим Вузом станут ещё крепче и мы сможем посетить этот прекрасный университет и город ещё раз! Также хочется отдельно поблагодарить заведующую кафедры Теории и Истории журналистики – Беллолипскую Галину Сергеевну за то, что познакомила нас с преподавателями, дала поучаствовать на встречах и праздниках, и просто создала замечательную атмосферу во время всей программы!

Зарема ДЮСЕНГАЛИЕВА,
студентка 2 курса

ЖУРНАЛИСТИКА - ПРОФЕССИЯ МЕЧТЫ

Профессия журналиста многогранная: она дает возможность познакомиться с интересными и успешными людьми, узнать новую информацию одним из первых и делиться ею с остальными, отражать различные точки зрения о событиях.

Это реальная возможность помогать людям, вникая в их проблемы. Более того, журналистика – это творческая профессия, именно здесь можно в полной мере реализовать свои способности и мечты, оставаясь при этом честным и непредвзятым. Без труда журналиста в мире наступила бы великая тишина и всеобщее незнание.

Чем больше я узнавала о профессии журналиста, тем яснее осознавала, что не вижу себя в других специальностях. Родители всегда давали мне свободу выбора профессии, и сразу поддержали мою инициативу.

Но есть одна особенность профессии журналиста, которая выделяет ее из множества перечисленных, и которая, я считаю, мне очень подходит: необходимость постоянного роста – как интеллектуального, так и профессионального.

Чтобы освещать разные события, писать о странах, людях, о новейших научных открытиях, надо самому в этом хорошо разбираться, «соответствовать». А это предполагает расширение кругозора, словарного запаса, умение творчески мыслить. Все это и пугает, и воодушевляет одновременно.

Да, возможно, я самоуверена и амбициозна одновременно, но, думается, это не самые плохие качества для начинающего свой путь журналиста.

Сколько себя помню, у нас дома всегда были свежие газеты и журналы. А родители каждый вечер смотрели новости по телевизору.

С журналистами же я познакомилась как только поступила в университет. Где с 1 курса по практическим занятиям у нас преподавали шеф-редакторы как печатных изданий, так и с телевидения. Большую честь я бы хотела отдать своей кафедре, за то что раскрыли мой талант и только еще больше заинтересовали в такой профессии, как журналист. С 1 курса я начала снимать свои собственные репортажи, на абсолютно разные, и в первую очередь актуальные темы. Мою первую работу оценила заведующая кафедрой журналистики Мукашева Маншук Тынышкалиевна. Именно благодаря ее опыту в сфере журналистики, наши лекции проходили очень интересно и познавательно.

Участвовали в различных семинар-тренингах, мастер-классах от профессионалов своего дела. Так получив хорошую поддержку со стороны преподавательского состава, я продолжала снимать и монтировать собственные видео. Также некоторые мои статьи выходили на официальной странице сайта университета. Пройдя на 2 курсе производственную практику на телеканале «Каспиан ньюс» Все началось с того что я выполняла дополнительные задания от шеф-редактора, практиковала свои базовые знания в операторстве и искусстве монтажа. Операторы и монтажеры вызывали искренний интерес, особенно когда объясняли, как они работают, и порой разрешили поучаствовать в процессе, делясь секретами профессии. Ну а попробовать себя в журналистике мне предложил шеф-редактор телеканала. Увидев во мне потенциал, он вскоре хотел продолжить со мной сотрудничество. Моя карьера журналиста вовсе не начиналась с написания текстов. Будучи стажером, мне дали собственную платформу, где я продолжала заниматься с



1 курса. Процесс съемки, монтаж и поиски идей – вот что нужно начинающему журналисту. Ну а после я начала стремительно заниматься и другими существенными вещами. Я стала СММ-щиком телеканала. Изучение алгоритмов социальных сетей и следить за статистикой аудитории – дело не из легких. Дальше пошло и написание текстов и выезды на съемки в качестве журналиста.

Не стану лукавить и говорить, что все было легко и просто. Было интересно. Мне нравится что-то придумывать и писать, чувствуя себя взрослым журналистом, искать материал, работать над темой, а к определенному сроку выдавать готовый сюжет.

Каждое мероприятие является для меня ступенькой для преодоления внутренних противоречий и возможности измениться: становиться уверенным, раскованным, не бояться быть самим собой. Именно профессионалы, и, главное, очень чуткие и отзывчивые люди, работающие в «Каспиан ньюс» и на кафедре журналистики, раскрыли во мне новые возможности: как личностные, так и профессиональные.

4 курс запомнился преддипломной практикой и написанием дипломной работы. Благодаря поддержке со стороны моего научного руководителя и его наставлением, написание дипломной работы прошло достаточно легко. Теперь когда я являюсь уже выпускницей данного вуза, мне хочется выразить огромную благодарность в первую очередь заведующей кафедрой журналистики Мукашевой М.Т. за все полученные знания и возможности, которое она подарила. Мне в буквальном смысле повезло познакомиться с таким педагогом и профессионалом своего дела. Поэтому, считаю что самое главное в становлении личности, это поддержка и наставничество. Без этого, нам студентам, никуда.

Понимаю, что стать настоящим журналистом нелегко. Тем не менее, не хочу упускать шанс осуществить мечту, ведь от этого будет зависеть вся моя дальнейшая жизнь – в том мире, который называют информационным, и в котором средства массовой информации – «четвертая власть».

Нурсая ЭЛЬБРУСОВА

ГРАНИ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА



Заведующая кафедры журналистики Атырауского университета им.Х.Досмухамедова кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Мукашева Маншук Тынышкалиевна приняла участие в III Международном Каспийском научно-образовательном конгрессе «КАСПИЙ:2023: ПУТИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ».

Она выступила на дискуссионной площадке с докладом «Журналистика в медиапространстве стран Прикаспия. Проблемы медиаобразования». Цель дискуссионной площадки – обсуждение вопроса создания единого коммуникационного пространства с целью диалога, обмена передовым опытом между преподавателями образовательных организаций, осуществляющих подготовку медиаспециалистов, и представителями различных СМИ и медиаслужб в государствах Содружества Независимых Государств, Прикаспия, входящих в Организацию Исламского Сотрудничества.

В своем выступлении Мукашева М.Т.



выдвинула ряд предложений по укреплению сотрудничества и проблемам медиаобразования стран Прикаспия. Она вручила Благодарственное письмо руководства Атырауского университета им.Х.Досмухамедова заведующей кафедрой Теории и истории журналистики, кандидату филологических наук, доценту Беллолипской Галине Сергеевне за вклад в развитие сотрудничества между университетами.

Мукашева М.Т. вместе с другими участниками форума была на приеме у

ректора Астраханского государственного университета им.Татищева Маркелова Константина Алексеевича и высказала ряд предложений по поводу укрепления сотрудничества в вопросах подготовки журналистских кадров между вузами.

Она также встретила с профессорско-преподавательским составом и студентами кафедры Теории и истории журналистики. Так же, Мукашева М.Т. встретила с научно-преподавательским составом, и студентами кафедры «Теории и истории журналистики».

СТАЖИРОВКА В ГЛАВНОМ ВУЗЕ СТРАНЫ



В СЕРДЦЕ КАЖДОЙ ТРУДНОСТИ КРОЕТСЯ ВОЗМОЖНОСТЬ

Подходит к концу 3 курс моей студенческой жизни, я многое узнала по теории во время лекций в университете, разных конференций и мастер-классов. Но что же происходит на практике? Какие знания мы оттачиваем там, какой опыт собираем?

Первые два года практики я выбирала общественно-политическую газету «Прикаспийская коммуна». Время, проведенное там, дает мне теплые и приятные воспоминания. Хороший, отзывчивый коллектив, который всегда с вниманием относился к практикантам. Там были сделаны мои первые шаги в творческую жизнь журналиста, опубликованы первые статьи.

С «Прикаспийской коммуной» у нас было проведено много работы, налажены хорошие взаимоотношения. Отдельно хотелось бы выделить Кайрата Сатаева, который за все время практики, а также во время учебы проявлял к нам большую заинтересованность, подавал идеи для материалов, помогал в редактировании статей с подробными объяснениями, высказывал напутствия и советы, оставившие след в дальнейшей работе.

Сейчас я прохожу практику в другом месте, и это дает мне совершенно иной опыт. Место моей практики – РСК («Региональная служба коммуникации Атырауской области»). За прошедшие две недели я успела побывать на съемках; посетить брифинги, мероприятия; наблюдать за работой отдела по работе с социальными сетями.

Выход из зоны комфорта также дал мне больше мотивации к заполнению пробелов своих знаний. «Жизнь не для того, чтобы ждать, когда стихнет ливень. Она для того, чтобы научиться танцевать под дождем» – писал М. П. Катон. На новом месте всегда тяжело первое время, сейчас я чувствую себя «не в своей тарелке», но вижу, как много я получаю в РСК.

Большое спасибо нашему куратору – Мукашевой Маншук Тынышкалиевне, за колоссальный труд в развитии кафедры, за поддержку и понимание, которые она оказывает нам. Благодаря ее усилиям у нас есть много разных возможностей: большой выбор мест практики, общение с опытными журналистами, посещение интересных мероприятий, поездки в другие города.

За проходящую практику я почерпнула много новых знаний, которые обязательно пригодятся мне в дальнейшей работе.

Алена СОЛОДОВНИКОВА,
студентка 3 курса



Практика одна из важнейших составляющих в учебе студента. Благодаря ей мы получаем знания и опыт не только теоретически, но и видим в живую, как работают профессионалы. Перенимаем их навыки.

Практика на кафедре журналистики началась 29 мая. С 1 по 7 июня я проходил её в городе Алматы в КазНУ имени Аль-Фараби. Это было моё второе посещение данного города. Когда я прилетел туда ещё в прошлом году на семинар Международного фонда защиты свободы «Адил сөз» решил, что в ближайшем будущем я вернусь сюда и останусь подольше, и этот момент наступил.

Я был закреплён к пресс-службе университета как фотожурналист. Первый день был больше ознакомительным – для меня провели экскурсию по телестудии, показали, как и где работают над газетой «Қазақ университеті». Я сам принимал участие в написание статей для юбилейного выпуска газеты. Познакомился с работниками пресс-службы

На практику я приехал со своим фотоаппаратом, но мне разрешили брать их оборудование, чему я был приятно удивлён, так как оно стоит недёшево. Моим первым заданием было сделать летний этюд университета. Это заняло 2 часа, потому как площадь действительно большая. Мне очень понравилось то, что территория университета утопает в зелени, с ней снимки получились ещё наиболее красивыми.



На следующий день мы отправились на открытие мемориальной доски в честь заслуженного деятеля науки Казахстана, доктора экономических наук, профессора, академика НАН Копжасара Нарibaева, где он проживал.

Это был мой первый официальный выезд в виде фотокорреспондента. Именно с таких практик студент получает ценный для себя опыт. И я не исключение. Пытался повторять манеру съёмки профессионалов и привносить, что-то своё для отличия.

После этого мы отправились обратно в университет на торжественное собрание «Писатель, деятель, политик», посвященное 75-летию государственного и общественного деятеля, академика Национальной академии наук, заслуженного деятеля Казахстана, писателя-журналиста Уалихана Калижана.

Тут присутствовало больше пространства для творчества, и я уже чувствовал себя более раскрепощённым. К тому же, у меня был опыт съёмки такого рода мероприятий, организованных в нашем университете. Я уже мало обращал внимание на присутствие других фотографов и старался делать свою работу по знаниям, которые приобрёл за 3 года обучения. За всё время, что длилось собрание я сделал больше 100 фотографий, из которых мы выбрали лучшие, потом я должен был отредактировать их. После тщательной работы над ними, я показал полученный результат режиссёру, который оценил их положительно. Это дало мне стимул работать дальше.

Когда не было мероприятий я занимался обработкой фотографий, делал снимки города и получал ценные замечания. Сидеть без дела было непозволительно, я приехал

сюда улучшать свои навыки. Эти фотографии были сделаны с парка «Коктөбе». Я очень рад, что посетил данное место, ведь отсюда открывался прекрасный вид на город.

Последним моим заданием стал выезд на ярмарку вакансий Career Day в рамках проекта городского центра карьеры, организованного Управлением молодежной политики города Алматы. Для меня это были новые впечатления. Ярмарка проходила на Арбате с большим количеством людей. Кадры получались самые разные и интересные. Мне показывали, что и как нужно снимать, в каких настройках. Желательно было брать общий план выставки. Большинство фотографий, которые я сделал были одобрены редакцией сайта университета КазНУ и опубликованы в статье «КАЗНУ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В ЯРМАРКЕ ВАКАНСИЙ».

К сожалению, время в Алматы пролетело быстро, я бы хотел остаться там подольше. Но, всё же, за 5 дней практики я успел получить много новых наставлений, которые безусловно помогут мне в дальнейшей работе. Стал лучше обрабатывать фотографии в других программах. Научился работать с более профессиональным оборудованием для съёмок, разобрался в настройках фотоаппарата, полученного на время практики. Считаю, если у студента есть возможность отправиться на практику в другой город, то он должен этим воспользоваться. Помимо новых ощущений и опыта это поднимает его квалификацию.

Отдельная благодарность моему куратору М.Т. Мукашевой за предоставленную возможность поездки в Алматы, а также пресс-службе за тёплый приём и помощь в учёбе!

Георгий ШАПОШНИКОВ,
студент 3 курса

«ЖУРНАЛИСТИКА - ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ»

Журналистика – билік пен халықтың арасындағы дәнекер. Қос тарапты бір-бірімен байланыстырушы алтын көпір. Журналистика – ауыр сала. Дәрігер адам жанын арашалайды, журналист адам тағдырын арашалайды. Жазықсыз жандардың жазықсыздан – жазықсыз құрбан болып кетпеуі үшін қанатымен су себеді, жол-жарық, газ-су секілді инфрақұрылымдық мәселелері шешілмеген ауыл-аймақтың мәселесін көтереді. Менің ұғымымда, журналистер – ластанған бастаған қоғамға дезинфекция жасаушылар. Олар әлеуметтік мәселелерді көтере отырып, мемлекеттің экономикалық дамуына үлесін қосады. Беті ашылмай жабулы қазан күйінде қордаланып жатқан мәселелерді қозғап, оның не ары, не бері болуына ықпал етеді. Міне, осындай тың ақпаратты бойыма сіңіріп мамандық бойынша ең алғашқы практикама да кірістім.

2023 жылдың 29 мамырынан бастап «Мақат тынысы» қоғамдық – саяси газетінде практикадан өтіп жатырмын. Практикамадағы алғашқы күнім практика жетекшісі «Мақат тынысы» газетінің бас редакторы – Мөлдір Ізтұрғановамен танысумен өтті. Мөлдір апай мені жылы қабақпен қарсы алды. Маған газеттердің шығу тарихын, қалай бастап шығатыны туралы, оны қалай өңдейтіні туралы баяндап айтып берді. «Мақат тынысы» газетіне «Аналарды аялайық», «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында екі мақала



жаздым. Адам баласының өмірінде екі маңызды таңдау болады. Мамандық таңдау, ал екіншісі жар таңдау. Осы екі таңдаудан қателеспей қажет. Мен мамандық таңдаудан қателеспепін маған өз мамандығым ұнайды. Осы мамандықта оқып жүріп журналистикаға деген қызығушылығым арта түсті.

Егер қоғамда журналистер болмаса, теріс пиғылдағы қара күш иелері ойына келгенін

істер ме еді? Қараңғы халықты басынып, қанар ма еді? Әділетсіздікке жаны төзбейтін журналистер осының алдын-алып, халықты құлақтандырып отыр. Қазіргі таңда жалған ақпараттар легі тараған заманда журналистер ақпараттың ақ-қарасын ажыратып, халыққа шынайы ақпаратты жеткізіп, адыспауына өз үлестерін қосып отыр. Журналистер шынайы ақпарат үшін тәуліктеп ұйықтамай, тау-тас кезіп, ақпарат іздеуге

бар. Олар ақпаратқа қол жеткізсе, көрген бар қиыншылығын ұмытып, бір терең тыныстап алады. Түптеп келгенде мұның бәрі – халық игілігі үшін.

Әділхан НҰРСҰЛТАНОВ,
1 курс студенті

Полоса подготовлена под руководством заведующей кафедры журналистики Мукашевой Маншук Тынышкалиевны

Өнер – жастан

ТАЛАНТТЫ ТҮЛЕКТЕР ТАҢ ҚАЛДЫРДЫ

Бұл бір көрген жанның көзін қуанып, еріксіз қызықтырған, әсемдік пен жарасым үйлесім тапқан әсем шара болды. Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасында білім алушылардың оқу орнын бітіруі қарсаңындағы шығармашылық жұмыстарын қорытынды қорғау аттестациялауы өз мәресіне жетті.

Алдымен білім алушылардың дипломдық жұмыстарын бітіру шығармашылық жұмыстарын қорғауы, өз туындыларын таныстыруы жоғары деңгейде өтуімен ерекшеленді. Жастар ойын еркін жеткізіп, өздерін ашық ұстай білді. Сондай-ақ, түлектердің «ҮЕМАА» заманауи мәдени орталығында қорытынды аттестациялауда ретро стильдегі, фирмалық стиль, этностильдегі киім топтамасы және винтаж, басқа да тақырыптарда ұсынылған көрмелері профессор-оқытушылар тарапынан оң бағаланды. Қорғау барысында олардың жеке жұмыстарына жетекшілер мен сарапшылар тарапынан айтылған ұсыныстар мен пікірлер де болды. Олардың барлығы алдағы уақытта ескерілмек.

Айта кетейік, Мемлекеттік аттестация комиссиясына М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Мәдениет және өнер» факультетінің аға оқытушысы, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Асхат Бекқалиұлы Әбдешев төрағалық етті.

«Биыл біздің кафедрामызды алпысқа жуық түлек бітіріп отыр. Жас мамандарға сұраныс өте жоғары, сондықтан, қазірдің өзінде жұмыспен қамту 90 пайыз құрап отыр. Оның үстіне, түлектеріміздің көпшілігі студент кезден-ақ еңбек етіп, білім мен тәжірибені ұштастырған жандар, – дейді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының меңгерушісі, Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі Асел Серікқызы Бекешева.

Тілекші Аманова, «Х.Досмұхамедов» портреті
Роксана Тілекбаева, «Домбыра» gobelenі
Гүлдана Әбуева, «ҚЗ ұлттық» этностильдегі авторлық топтама



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

АТЫРАУ UNIVERSITY

ТАЛАПКЕР 2023

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 2023-2024 оқу жылына келесі бағыттар бойынша талапкерлерді оқуға қабылдайды:

Код	Білім бағдарламасы	Бейіндік пәндер	Өту балы
6B01101	Педагогика және психология	Биология - География	75
6B01201	Педагог-тарбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері	Биология - География	
6B01301	Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы	Биология - География	
6B01402	Бастапқы әскери, технологиялық және дене шынықтыру дайындық мұғалімі	Шығармашылық	
6B01401	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдалған спорт түрлері бойынша жаттықтырушы	Шығармашылық	
6B01403	Музыка мұғалімі, қосымша білім беру педагогы	Шығармашылық	
6B01404	Бейнелеу өнері және көркем еңбек	Шығармашылық	
6B01501	Математика пәні мұғалімі	Математика - Физика	
6B01502	Физика пәні мұғалімі	Физика - Математика	
6B01503	Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Математика - Информатика	
6B01504	Инженерлік профиль бойынша химия пәні мұғалімі	Химия - Биология	
6B01505	Биология пәні мұғалімі	Биология - Химия	
6B01507	Химия және биология пәндерінің мұғалімі	Химия - Биология	
6B01508	Математика және физика пәндерінің мұғалімі	Математика - Физика	
6B01509	Физика және информатика пәндерінің мұғалімі	Физика - Математика	
6B01510	География және тарих пәндерінің мұғалімі	География - Дүние жүзі тарихы	
6B01601	Тарих пәнінің мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы	География - Дүние жүзі тарихы	
6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	Қазақ тілі - Қазақ әдебиеті	
6B01702	Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	Орыс тілі - Орыс әдебиеті	
6B01703	Шетел тілі: екі шетел тілі	Шетел тілі - Дүние жүзі тарихы	
6B01704	Орыс тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	Орыс тілі - Орыс әдебиеті	
6B01901	Логопедия	Биология - География	

Код	Білім бағдарламасы	Бейіндік пәндер	Өту балы	
6B02101	Өнер және гуманитарлық ғылымдар	Шығармашылық	50	
6B02102	Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы	Шығармашылық		
6B02103	Халық аспаптары	Шығармашылық		
6B02104	Халық өні	Шығармашылық		
6B02105	Саласы және таңдаған бағыты бойынша дизайн, білім беру жүйесінде суретші-дизайнер	Шығармашылық		
6B02201	Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы	Дүние жүзі тарихы - География		
6B02301	Аударма және аударматану	Шетел тілі - Дүние жүзі тарихы		
6B02302	Филология: қазақ филологиясы	Қазақ тілі - Қазақ әдебиеті		
6B03101	Код	Өлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпараттануды		50
6B03201	Психология	Биология - География		
6B03201	Журналистика және ақпарат	Шығармашылық		
6B04101	Код	Бизнес, басқару және құқық		
6B04101	Экономика	Математика - География		
6B04102	Саладағы менеджмент	Математика - География		
6B04104	Бизнес-процестерінің есебі, аудиті және талдауы	Математика - География		
6B04105	Қаржы және аналитика	Математика - География		
6B04103	Экономика және мемлекеттік басқару	Математика - География		
6B04107	Маркетинг	Математика - География		
6B04201	Кұқықтану	Дүние жүзі тарихы - Кұқық негіздері		
6B04202	Кұқық қорғау органдарының қызметі	Дүние жүзі тарихы - Кұқық негіздері		
6B04203	Халықаралық құқық	Дүние жүзі тарихы - Кұқық негіздері		
6B04204	Цифрлық заңгер	Дүние жүзі тарихы - Кұқық негіздері		

Код	Білім бағдарламасы	Бейіндік пәндер	Өту балы	
6B05101	Жаратылыстану ғылымдар, математика және статистика	Биология - Химия	50	
6B05201	Биология және ауылшаруашылығы	Биология - География		
6B05201	Қолданбалы экология	Биология - География		
6B05202	Экоаналитика	Биология - География		
6B05301	Химиялық талдау және сараптама	Химия - Биология		
6B05302	Физик - зерттеуші	Физика - Математика		
6B05401	Қолданбалы математикалық модельдеу	Математика - Физика		
6B06101	Код	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар		50
6B06101	Дизайндағы қолданбалы информатика	Математика - Информатика		
6B06102	Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару	Математика - Информатика		
6B06103	Жүйелік және желілік басқару	Математика - Информатика		
6B07501	Код	Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	50	
6B07101	Стандарттау және сертификаттау	Математика - Физика		
6B08401	Код	Ауылшаруашылық және биоресурстары	50	
6B08401	Балық шаруашылығы және ихтиология	Биология - Химия		
6B11101	Код	Қызмет көрсету	50	
6B11101	Туризм және сервис	География - Шетел тілі		

АТЫРАУ UNIVERSITY

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІ НАЗАРЫНА ҰСЫНАДЫ!

Егер де колледжде бітіріп жатқан мамандығыңызды жалғастырғыңыз келсе және де ол мамандық біздің университетте болса, классификатор бойынша мамандығыңыз сәйкес келсе немесе мамандығыңызды өзгерткіңіз келсе, Сіздер төмендегі бөлімдерге таңдау жасай аласыз:

<p>Күндізгі бөлімі (3 жыл):</p> <p>Мамандығыңыз сәйкес келсе әңгімелесу арқылы ақылы оқуға қабылданаңыз;</p> <p>Білім гранты конкурсына қатысатын болсаңыз екі пәннен ҰБТ тапсырасыз;</p> <p>ҰБТ-дың өту балы: «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша кемінде – 35, басқа білім беру салалары бойынша кемінде – 25, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні кемінде 5 балл, ең жоғары балл саны – 70 балл;</p> <p>Шығармашылық емтихан тапсыратын мамандықтар ҰБТ-ді бір пәннен (арнайы пән) тапсырып, 5 балдан кем емес нәтиже көрсету керек және бір шығармашылық емтихан (жалпы кәсіптік пән) тапсырады;</p> <p>Оқуға түссеніз (грант, ақылы) 3 жыл оқисыз.</p>	<p>Күндізгі бөлімі (4 жыл):</p> <p>Мамандығыңыз сәйкес келмеді немесе басқа мамандыққа түскіңіз келсе де гранттық конкурсқа қатыса аласыз;</p> <p>ҰБТ 5 пәннен тапсырасыз: қазақстан тарихы, оқу сауаттылық, математикалық сауаттылық және екі бейіндік пән;</p> <p>ҰБТ-дың өту балы: «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша кемінде – 75, «Құқық» даярлау бағыты бойынша кемінде – 75, басқа білім беру салалары бойынша кемінде – 50, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні кемінде 5 балл, ең жоғары балл саны – 140 балл.</p> <p>Оқуға түссеніз (грант, ақылы) 4 жыл оқисыз.</p>
---	---

БІЗДІ ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ, СТУДЕНТТЕР ДАҒҒЫЛЫ, ҚҰРЫЛЫС 1

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ БАЙЛАНЫСТАРЫ: +7(7122)27-63-21

8 778 319 65 35/ 8 701 869 06 20/ 8 701 352 64 25

E-MAIL: PRIEMKA@ASU.EDU.KZ

© PRIEMKA_AGU

БІЗ СІЗДЕРДІ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті